| 12 | Насурллаева Гүлжан Ерболқызы   | <i>Биология бакалавры М.Әуезов атындағы ОҚМУ</i> | 2020 | 8-775-203-81-86<br>990807400593<br>Gulzhan.nasurllayeva@bk.ru                            | 7M05110-Биология |
| 13 | Қосмағанбет Камшат Ерболатқызы | <i>Биология бакалавры М.Әуезов атындағы ОҚМУ</i> | 2020 | 8-708-418-75-14<br>991005400299<br>Erbolatovna.k@mail.ru                                 | 7M05110-Биология |
| 14 | Қалмағанбет Ләззат Асқарқызы   | <i>Биология бакалавры М.Әуезов атындағы ОҚМУ</i> | 2020 | 8-708-418-75-76<br>990112400347<br>Lazzat.k@mail.ru                                      | 7M05110-Биология |
| 15 | Ануар Камила Болатханқызы      | <i>Биология бакалавры М.Әуезов атындағы ОҚМУ</i> | 2020 | 8-777-402-19-98  | 7M05110-Биология |
| 16 | Жүнісәлі мейрамбек Дайрабекұлы | <i>Биология бакалавры М.Әуезов атындағы ОҚМУ</i> | 2020 | 8-747-680-58-18<br>meiramбекshymkent@gmail.com   | 7M05110-Биология |
| 17 | Аманкүл Ғалия                  | <i>Биология бакалавры М.Әуезов атындағы ОҚМУ</i> | 2020 | 8-700-954-70-94<br><a href="mailto:g.amankulova98@mail.ru">g.amankulova98@mail.ru</a>    | 7M05110-Биология |
| 18 | Шераз Айнагүл                  | <i>Биология бакалавры М.Әуезов атындағы ОҚМУ</i> | 2020 | 8-775-638-19-48  | 7M05110-Биология |
| 19 | Мұстафаева Мінайым             | <i>Биология бакалавры М.Әуезов атындағы ОҚМУ</i> | 2020 | 8-747-545-27-13<br><a href="mailto:Mminayim00@mail.ru">Mminayim00@mail.ru</a>            | 7M05110-Биология |
| 20 | Сабырбек Балжан                | <i>Биология бакалавры М.Әуезов атындағы ОҚМУ</i> | 2020 | 8707-680-37-99<br>Balzhan.sabyrbek@bk.ru   | 7M05110-Биология |
| 21 | Исах Алтынай                   | <i>Биология бакалавры М.Әуезов атындағы ОҚМУ</i> | 2020 | 8707-646-68-98<br>aissakh@mail.ru  | 7M05110-Биология |
| 22 | Ермухан Мағжан Уалиханұлы      | <i>Биология бакалавры М.Әуезов атындағы ОҚМУ</i> | 2020 | 8702-760-70-77<br><a href="mailto:Make.ermuxan145@gmail.ru">Make.ermuxan145@gmail.ru</a> | 7M05110-Биология |
| 23 | Әбдірахман Нұрбақыт            | <i>Биология</i>                                  | 2020 | 8778-140-53-99   | 7M05110-         |

|    |                               |  |      |   |                             |
|----|-------------------------------|--|------|---|-----------------------------|
|    | Асқатұлы                      | <i>бакалавры<br/>М.Әуезов<br/>атындағы<br/>ОҚМУ</i>              |      | Nurbakyt.abdirahman270798@mail.ru   | Биология                    |
| 24 | Попова Юлия Игоревна          |  |      | 860410401021 <a href="mailto:yuliyapopovanis@gmail.com">87016245745<br/>yuliyapopovanis@gmail.com</a> | 8D01510-<br>Математик<br>а  |
| 25 | АлибековаЖазираДаулетхановна  |  |      | 850310400870 <a href="mailto:Zhasko@mail.ru">87085921351<br/>Zhasko@mail.ru</a>                       | 8D05410 -<br>Математик<br>а |
| 26 | Абиева Динара Сайловбаевна    | <i>Биология<br/>бакалавры<br/>М.Әуезов<br/>атындағы<br/>ОҚМУ</i> | 2020 | 950709401036 8747-822-5205<br>dinara0795@mail.ru  | 7M05110-<br>Биология        |
| 27 | Көшкінбай Айдана Нұрғалиқызы  | <i>Биология<br/>бакалавры<br/>М.Әуезов<br/>атындағы<br/>ОҚМУ</i> | 2020 | 981212400867 8707-549-4512<br>koshkinbay98@bk.ru  | 7M05110-<br>Биология        |
| 28 | Сапар Балнұр Нұркелдіқызы     | <i>Биология<br/>бакалавры<br/>М.Әуезов<br/>атындағы<br/>ОҚМУ</i> | 2020 | 981210400707 8778-483-0174<br>sbanurk10@mail.ru   | 7M05110-<br>Биология        |
| 29 | Онгарбаева Ботакөз Альжанқызы | <i>Биология<br/>бакалавры<br/>М.Әуезов<br/>атындағы<br/>ОҚМУ</i> | 2020 | 980811400523 8747-414-2917<br>bota.ongarbaeva@bk.ru   | 7M05110-<br>Биология        |

#### 14. ЖМ «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындауы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім беру» кіші бағдарлама тақырыбы бойынша жобалар дайындау туралы және ОПҚ және білімалушылардың сайыстарға қатысуы бойынша мәлімет.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында дайындалған жобаларды ғылыми сүйемелдеу туралы, ғылыми мақалалар мен монографиялар жариялау туралы, халықаралық, республикалық, аймақтық, облыстық және қалалық конференциялар, дөңгелек үстелдер, мастер кластар және басқа да ғылыми талдаулар, кездесулерді «Рухани жаңғыру» тақырыбында ұйымдастыру мәліметі.

40 жасқа дейінгі жас ғалымдардың «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік Ел» бағдарламалары тақырыптары бойынша жобалары мен зерттеулеріне ғылым докторлары мен кандидаттарының жетекшілігі мен кеңес беруі туралы мәліметі

Университетте «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру барысында БАҚ парақшаларында, электронды БАҚ және әлеуметтік желілерде, сонымен қатар латын әліпбиінде мақалалар жариялануы туралы мәліметі

Кесте 14.1 - «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша 2019-2020 жылдың 1,2 жартыжылдығына ЖМ оқытушы -профессор құрамының жарияланымдар Медиа-сеткасы

Алтынбеков Шадиар, раб.тел. 21-17-15, сот.тел. 8-701-321-58-47, электронный адрес: [Altynbekov\\_shadiar@mail.ru](mailto:Altynbekov_shadiar@mail.ru)

| № | Мерзімі | Материал тақырыбы | Материал форматы | БАҚ аталымы<br>(телеканал,<br>газет, сайт) | Спикер | Сәйкес басым бағыт |
|---|---------|-------------------|------------------|--|--------|--------------------|
| 1 | 2       | 3                 | 4                | 5  | 6      | 7                  |



|    |    |      |  |        |                                |                                     |   |
|----|----|------|--|--------|--------------------------------|-------------------------------------|---|
| 1  | 05 | 2020 | Жаңартылған білім беру мазмұны - бәсекеге қабілетті ұрпақ келешегі | Мақала | «Алтын ұя» республикалық газет | Полатбек А.М.<br>Дуйсебаева П.С.    | - |
| 2  | 03 | 2020 | Бүгінгі түлек болашақ маман  | Мақала | Айғақ газеті                   | Аширбаев Н.Қ.<br>Маденова А.А.      | - |
| 3  | 15 | 2019 | ОҚМУ - байтақ елдің бағаналы білім ордасы!                         | Мақала | Университет газеті             | Алтынбеков Ш.Е.<br>Төреханов Қ.А.   | - |
| 4  | 24 | 2020 | Жерде жетім жыласа, көкте періште күніренеді                       | Мақала | Университет газеті             | Алтынбеков Ш.Е.<br>Сабырханова П.Ш. | - |
| 5  | 03 | 2020 | Үздік шәкірт тәрбиелеген университетке алғыс айтты                 | Мақала | Шымкент келбеті                | М.Ермаханов, С.Мусаева              | - |
| 6  | 03 | 2020 | Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе                              | Мақала | Шымкент келбеті                | М.Қасымова                          | - |
| 7  | 20 | 2020 | Еліміздің болашағы – білімді жастар                                | Мақала | Ұстаз жаршысы                  | Абдуалиева М.А.                     | - |
| 8  | 17 | 2020 | Жастардың мамандық таңдауы- жауапты кезең                          | Мақала | Дөнгеленген дүние              | Исаев Е.Б.,<br>Бозшатаева Г.Т.      | - |
| 9  | 09 | 2020 | Коронавирус- жай тұмау емес  | Мақала | Оңтүстік Қазақстан             | Қалқабаева С.А.                     | - |
| 10 | 04 | 2020 | Әлемдегі ең ықпалды мамандық ОҚМУ-да                               | Мақала | Болашақ газеті                 | Бүркіт Ә.Қ.                         | - |
| 11 | 15 | 2020 | Халыққа күш – қуат береді  | Мақала | Университет газеті             | Мадияров Н.К.                       | - |

Кесте 14. 2 Факультеттің (кафедраның) 2019-2020 оқу жылының 1,2 жартыжылдығындағы жарияланымдары туралы салыстырмалы кесте

| № | Жарияланған мақала саны                  |  |                     |
|---|--|--|---------------------|
|   | 2019-2020 оқу жылының 1-ші жарты жылдығы | 2019-2020 оқу жылының 2-ші жарты жылдығы | Барлық жарияланғаны |
| 1 |  | 11                                       | 11                  |

Жас оқытушылардың (40 жасқа дейін) және білім алушылардың (студенттер, магистранттар, докторанттар) стартаптарына кеңес беру туралы жас оқытушылардың (40 жасқа дейін) стартаптарын құру және іске асыру және олардың сипаттамасы туралы мәліметтер.

Шетелдік және республикалық университеттерде дәрістер оқу, ғылыми зерттеулер жүргізу және академиялық ұтқырлықты жоғарылату.

Ұлтаралық толеранттылық пен Қазақстан халықтарының достығын дамыту бойынша өткізілген іс-шаралар.

Қазақстан тарихымен, Қазақстанның әдебиетімен, БАҚ парақшаларындағы басылымдар, еңбектер және ғылыми басылымдармен жеке танысу, сондай-ақ оқырмандар конференцияларын ұйымдастыру және өткізу, олардың жұмыстарына қатысу.

"Болашаққа Көзқарас: Рухани жаңғыру" бағдарламалық мақала және " Ұлы даланың жеті қыры" мақаласының мазмұнын тереңінен меңгеру бойынша тәрбиелік шараларды ұйымдастыру мен өткізу.

Өлкетану экскурсияларының ұйымдастырылуы.

Кесте 14.3– 2020 жылдың 1,2 жарты жылдығында Факультеттің (кафедраның) «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша өткен іс-шаралар туралы мәліметі

| №  | Іс-шара атауы  | Тиісті басымдық бағыты | Көрсеткіші (қамтылған студенттер, магистранттар, докторанттар, ОПК саны) |
|----|--|------------------------|--|
| 1. | «Ел ертеңі білімді жастар» атты сұхбат «Айғақ» ТВ-да   | «Рухани жаңғыру»       | 100%   |
| 2. | Әл-Фарабидің өмірі мен ғылымы тақырыбында онлайн ашық тәрбие сағаты өткізілді.   | «Рухани жаңғыру»       | 100%   |
| 3. | Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған онлайн режимде ұйымдастырылған эстафета   | «Рухани жаңғыру»       | 100%   |
| 4. | «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында Магистранттар мен студенттер арасында Футбол, баскетбол және волейболдан, қол күресі, арқан тарту сияқты спорт түрлерінен спартакида өткізілді. | «Рухани жаңғыру»       | Математика кафедрасы<br>100%   |

## 16. ФАКУЛЬТЕТ КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ

«Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» жоғары мектебінің Академиялық Кеңесі 2019-2020 оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары бойынша жұмыс атқарды. Жалпы оқу жылы бойында жоспар бойынша 11 мәжіліс және кезектен тыс 1 мәжіліс өтілді.

### 1-мәжіліс: кезекті

1. ЖМ Академиялық Кеңесінің жаңа құрамын, 2019-2020 оқу жылына арналған ЖМ Академиялық Кеңесінің жұмыс жоспарын бекітуге ұсыну туралы
2. ЖМ-нің және кафедралардың жоспарын, оқу-әдістемелік, ғылыми, тәрбие және инспекциялық комиссиясының жұмыс жоспарларын талқылау және бекітуге ұсыну туралы
3. Әр түрлі мәселелер
  - 3.1 Студенттердің төлемақысы бойынша жеңілдіктерге өткізілген кандидатуралардың құжаттарын қарастырып, конкурстық комиссияға өткізу туралы
  - 3.2 2019 жылдың 28-маусым айында өткен Ғылыми Кеңес (№16 хаттама) шешімі туралы.
    - 3.2.1 Оқу және оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры Қ.Байболовтың «2018-2019 оқу жылы университет білім алушыларының жазғы емтихан сессиясының нәтижелерін талдау» атты баяндамасы туралы.
    - 3.2.2. Оқу және оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректор Қ.С.Байболовтың «Білім алушыларды қорытынды аттестаттау және университеттің Мемлекеттік аттестациялық комиссия Төрағаларының есептерін талдау» туралы баяндамасы туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша факультет кеңесінің құрамы және 2019-2020 оқу жылындағы жұмыс жоспары талқыланып, бекітуге ұсынылды. Екінші мәселе бойынша факультеттің оқу-әдістемелік, инспекциялық, тәрбие жұмыстарының және кафедралардың жұмыс жоспарлары бекітуге ұсынылды. Әр түрлі мәселелер бойынша

Студенттердің төлемақысы бойынша жеңілдіктерге өткізілген кандидатуралардың құжаттарын қарастырып, конкурстық комиссияға өткізу туралы мәселе қарастырылып, әлеуметтік жағдайы төмен студенттің құжаттары конкурстық комиссияға ұсынылсын деген қаулы қабылданды. Келесі мәселеде Қ.Байболовтың «2018-2019 оқу жылы университет білім алушыларының жазғы емтихан сессиясының нәтижелерін талдау» атты баяндамасы туралы талқыланып, кафедра мәжілістерінде

талқылау ұсынылды. Оқу және оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректор Қ.С.Байболовтың «Білім алушыларды қорытынды аттестаттау және университеттің Мемлекеттік аттестациялық комиссия Төрағаларының есептерін талдау» туралы баяндамасы бойынша Ғылыми Кеңес шешімдерінің орындалуы туралы қысқаша түсінік бере отырып, ондағы қаулымен таныстырып өтті. Осы мәселе жөнінде ЖМ Кеңесі Кафедра меңгерушілері мемлекеттік аттестаттау комиссияларымен ұсынылған нақты тәжірибелік мәні бар дипломдық жұмыстардың нәтижелерін өндіріске ендіру жөніндегі ұсыныстарының орындалуын қамтамасыз ету сияқты қаулы қабылдады.

### **2-мәжіліс: кезектен тыс**

1. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың ректоры Д.П.Қожамжарованың «М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің 2018-2019 оқу жылындағы жұмыс бойынша есебі және Стратегиялық жоспары аясындағы 2019-2020 оқу жылындағы міндеттері» атты баяндамасын талқылау.  
ЖМ деканы Н.Мадияровтың М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың ректоры Д.П.Қожамжарованың «М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің 2018-2019 оқу жылындағы жұмыс бойынша есебі және Стратегиялық жоспары аясындағы 2019-2020 оқу жылындағы міндеттері» атты баяндамасын талқылау туралы мәлімдемесі назарға алына отырып, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың Стратегиялық жоспары аясындағы 2019-2020 оқу жылына міндеттерін орындау бойынша "Жаратылыстану ғылыми-педагогикалық" ЖМ-нің Жол картасы берілген ұсыныстар бойынша түзетулер мен толықтырулар енгізіліп бекітілу туралы қаулы қабылданды.

### **3-мәжіліс: кезекті**

1. Бітіруші курс студенттерінің диплом жұмысының тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін және ЖМ мамандықтарына қабылданған магистранттар мен PhD докторанттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекітуге ұсыну туралы.
2. 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша ОПК-ның кешенді бағалау нәтижелері (KPI) туралы.
3. Әр түрлі мәселелер.
  - 3.1 2019 жылдың 18-қыркүйек айында өткен Ректорат (№1 хаттама) шешімі туралы.
  - 3.2 Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы М.Айтүреевтің «2019 жылғы қабылдау комиссиясы жұмысы және бакалавриат, магистратура, PhD докторантура білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың контингентін қалыптастыру туралы» баяндамасы туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тексеру комиссиясының төрайымы Н.Аблязимованың есебі талқыланып, студенттер, магистранттар мен докторанттардың тақырыптары мен ғылыми жетекшілері бекітуге ұсынылды. Екінші мәселе бойынша 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша ОПК-ның кешенді бағалау нәтижелері (KPI) туралы Н.Мадияровтың мәлімдемесі назарға алынды. Әр түрлі мәселе бойынша

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы М.Айтүреевтің «2019 жылғы қабылдау комиссиясы жұмысы және бакалавриат, магистратура, PhD докторантура білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың контингентін қалыптастыру туралы» баяндамасы талқыланып, Кафедра меңгерушілері Қазақстан Республикасы және шет елдеріндегі ірі ұлттық, трансұлттық және шетелдік кәсіпорындар, мекемелер және өндіріс орындарымен екі жақты ынтымақтастық келісім-шарттары негізінде тиісті салалардағы жұмысшылар арасынан PhD докторантура, магистрантура және бакалавриат деңгейінде жоғары білікті кадрларды даярлау бойынша жұмыстар жүргізісін (орындалу мерзімі: 20.05.2020ж. дейін); Кафедра меңгерушілері 2020-2021 оқу жылына магистратураға және PhD докторантураға ағымдағы және бұрынғы жылдары бітірген студенттер және магистранттардың түсуін алдын ала дайындау мақсатында жүргізілетін жұмыстар жоспарын әзірлесін (орындалу мерзімі: 20.11.2019ж. дейін); Кафедра меңгерушілері Медиа-маркетингтік жұмыстары жандандырылсын, оның ішінде университеттің интернет-порталдары, факультет сайттары арқылы қазақстандық және шетелдік аудиторияларға білім беру қызметтері жылжытылсын (орындалу мерзімі: 20.11.2019ж. дейін) деген қаулылыр қабылданып, мерімдеріне сай орындалып, тиісті бөлімдерге өткізілді.

### **4-мәжіліс: кезекті**

1. Күзгі семестрдің бірінші бақылау аптасының нәтижелері туралы
2. Студенттердің 2018-2019 оқу жылындағы іс-тәжірибесін ұйымдастыру мен сапасы туралы

### 3. Әр түрлі мәселелер

3.2. 2019 жылдың 30-қыркүйек айында өткен Ғылыми Кеңес (№3 хаттама) шешімі туралы.

3.2.1. Тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің директоры С.А.Мәжінбековтың «Университеттің жатақханаларында жаңа оқу жылына орындарды бөлу туралы» баяндамасы туралы.

3.2.2. Қоғамдық сананы жаңғырту жобалық кеңсесінің басшысы Г.А.Жанысбекованың «Жобалық кеңсесінің жұмысы және университетте «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру туралы» туралы баяндамасы туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ЖМ деканының оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары Ділдабаева М. күзгі семестрдің бірінші бақылау аптасының нәтижелері туралы есеп берді. Екінші мәселе бойынша 2018-2019 оқу жылындағы іс-тәжірибесін ұйымдастыру мен сапасын және келешектегі жетілдіру жоспарлары туралы Х.Нуршевтің есебі талқыланып қанағаттанарлық деп саналды. Кәсіби практика тиімділігін арттыру үшін әр мамандықтың ағылшын тілін меңгерген 3-курс студенттерін кемінде 5 студент Назарбаев Зияткерлік мектебіне үздіксіз іс-тәжірибеден өткізуге кафедра меңгерушілеріне жүктелсін деген қаулы қабылданды.

Әр түрлі мәселелер бойынша Тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің директоры С.А.Мәжінбековтың «Университеттің жатақханаларында жаңа оқу жылына орындарды бөлу туралы» баяндамасы талқыланып, ЖМ деканының тәрбие және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ш.Алтынбеков 30.10.2019 ж. дейін ЖМ-нің 2019-2020 оқу жылында №5 жатақханасында өтетін тәрбие жұмысының жоспарын дайындап, тәрбие ісі және жастар саясаты департаментіне өткізу туралы қаулы қабылданды.

Келесі әр түрлі мәселе бойынша Қоғамдық сананы жаңғырту жобалық кеңсесінің басшысы Г.А.Жанысбекованың «Жобалық кеңсесінің жұмысы және университетте «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру туралы» туралы баяндамасы туралы қаралып, Кафедра меңгерушілеріне оқытушылардың «Рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың 7 қыры» бағдарламаларына ғылыми сүйемелдеулер жасауын, студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысын «Рухани жаңғыру» бағдарламасының басымдықтарымен байланыстыруды жүйелі негізге қойылуына басшылық және бақылау жасау; дипломдық жұмыс және магистрлік, докторлық диссертациялардың тақырыптары мен ізденіс нысандарын бағдарламалық мақалалармен орайластыруды жүзеге асыру жүктелді.

#### ***5-мәжіліс: кезекті***

1. ЖМ-де үштілді білім беруді жүзеге асыру мәселелері мен оларды шешу жолдары туралы
2. 2019-2020 оқу жылының тамыз-қазан айларындағы Ғылыми Кеңес, Ректорат шешімдерінің орындалуы туралы
3. ЖМ мамандықтарының оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) нәтижесі туралы
4. Әр түрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша М-нің ағылшын тілі бойынша жауаптысы Ж.Алибекованың баяндамасы талқыланып, Кафедра меңгерушілері студенттердің тілдік білім деңгейлерін арттыру үшін «Тілдерді дамыту орталығының» тегін курстарға немесе өз қаражатымен қатысу бойынша жұмыстар жүргізу туралы қаулы қабылданды. Екінші мәселе бойынша Кеңес хатшысы А.Айашованың есебі назарға алынды. Үшінші мәселе бойынша ОЖСБ нәтижесі талқылана келе, ЖМ деканының тәрбие және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ш.Алтынбековтың ЖМ мамандықтарының оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) нәтижесі туралы мәлімдемесі назарға алынды.

#### ***6-мәжіліс: кезекті***

1. 2019 жыл барысындағы ЖМ-тегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі туралы
2. ЖМ-нің бітіруші түлектерінің жұмысқа орналасу жағдайы туралы
3. Мектеп және колледж түлектерімен кәсіби бағдар беру жұмыстарының жағдайы мен міндеттері
4. Әр түрлі мәселелер
- 4.1 2019 жылдың 26-желтоқсан айында өткен Ғылыми Кеңес шешімдерінің орындалуы туралы
- 4.1.1 Ғылыми жобалар мен ғылыми техникалық бағдарламалардың нәтижелігі туралы
- 4.1.2 Жоғары мектептерде үштілді оқытуды жүзеге асыру туралы: мәселелері мен шешу жолдары

4.2 2019жылдың 24-желтоқсан айында өткен Ректорат шешімдерінің орындалуы туралы

4.2.1 М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің диссертациялық кеңестердің қызметі туралы

4.2.2 Университетте инклюзивті білім берудің жүзеге асырылуы

Бірінші мәселе бойынша Жоғары мектеп деканының ҒЗЖ жөніндегі орынбасары Ж.С. Кемелбекованың 2019 жыл барысындағы ЖП-тегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі қанағаттанарлық деп есептелініп, «Информатика» кафедрасының меңгерушісі Л.Жайдақбаева ҒЗЖ бойынша оқу үдерісіне енгізу актісі бойынша жұмыстар жүргізілуін қадағалау және ЖМ кафедра оқытушы-профессорлары жоғары рейтингілі импакт-факторлы журналдарда жарияланымдар санын арттыру туралы қаулы қабылданды.

Екінші мәселе бойынша ЖМ-ң түлектерінің жұмысқа орналасу мәселесін талқылау келе, Кафедра меңгерушілері түлектермен байланысын жақсартып, көрсеткіштің көтерілуі бойынша жұмыстар жүргізу туралы қаулы қабылданды. ЖМ-нің бітіруші түлектерінің жұмысқа орналасу жағдайы қанағаттанарлық деп есептелді. Үшінші мәселе бойынша мектеп және колледж түлектерімен кәсіби бағдар беру жұмыстарының жағдайы мен міндеттері туралы жауапты оқытушы Н.Камбарбековтың мәлімдемесі назарға алынып, Кафедра меңгерушілері 2019-2020 оқу жылында кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша мақала жариялау туралы қаулы қабылданды. Әр түрлі мәселер бойынша 2019жылдың 26-желтоқсан айында өткен Ғылыми Кеңес шешімдерінің орындалуы туралы шешімдері талқыланып, Кафедра меңгерушілері 2020-2022 жылдарға гранттық және нысаналы-бағдарламалық қаржыландыру конкурсына, жас ғалымдар конкурсына, халықаралық конкурстарға, бастамшылық ғылыми зерттеулерге, ҒҒТҚН коммерциализациялау конкурстарына өтінімдер дайындау бойынша жұмысты жандандырсын; Кафедра меңгерушілері университетте үштілді білім беруді одан әрі дамыту мақсатында 2020-2021 оқу жылында бастап жыл сайын мамандық бойынша ең кемі ағылшын тілінде оқытылатын бір топты ұйымдастыруды қамтамасыз етсін; Диссертациялық жұмыстарды қорғауға ұсыну және қорғау рәсімдері бойынша күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспарын қатаң орындауды қамтамасыз етсін; Сондай-ақ М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің Диссертациялық кеңестерінің 3 жылға арналған перспективалық жұмыс жоспарын әзірлесін (Мадияров Н.К., С.А.Жолдасбекова); Диссертациялық кеңес туралы Үлгі ережеге сәйкес университет сайтында диссертациялық кеңестердің жұмысы және диссертациялық кеңес қабылданған шешімдер туралы жылдық есептерді орналастыруға міндеттелсін (Жайдақбаева Л.Қ., Камалов Ю.Н.) деген қаулылар қабылданды.

#### **7-мәжіліс: кезекті**

1. Магистранттардың және PhD докторанттардың оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстарының барысы туралы
2. Күзгі семестрдің қорытынды бақылау аптасының және қысқы емтихан сессиясының қорытындысы туралы
3. ЖМ-де ҚР БҒМ-нің шетелдік ғалымдарды тарту нәтижесі, халықаралық бағдарламаларға ОПҚ-ның қатысуы және студенттердің академиялық ұтқырлығы туралы
4. 2019-2020 оқу жылында жарты жылдық бойынша Ғылыми Кеңес, Ректорат шешімдерінің орындалуы туралы
5. Әр түрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша «Жаратылыстану ғылыми-педагогикалық» жоғары мектебінің магистранттары мен PhD докторанттарының 2019-2020 оқу жылындағы оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстарының жарты жылдық есебі аттестацияланып, бітіруші магистранттары мен PhD докторанттар ғылыми ізденіс жұмыстарының нәтижесін өндіріске немесе оқу үдерісіне енгізу (енгізу актісі) міндеттелді. Екінші мәселе бойынша 2019-2020 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытынды үлгерімі бойынша, 5 және одан да көп пәндерден үлгермейтін студенттер тәлімгерлері жоғарыда аты аталған студенттермен жеке жұмыстар жүргізу, олардың ата-аналарымен хабарласу, студенттердің жеке мәселелерін тәлімгер сағаттарында қарап, нақты шаралар қолдану жүктелді. Үшінші мәселе бойынша Халықаралық байланыстарға және Академиялық ұтқырлыққа жауапты оқытушы Б.А. Урмашевтың ЖМ-де ҚР БҒМ-нің шетелдік ғалымдарды тарту нәтижесі, халықаралық бағдарламаларға ОПҚ-ның қатысуы және студенттердің академиялық ұтқырлығы туралы баяндамасы назарға алынды. Төртінші мәселе бойынша 2019-2020 оқу жылының тамыз-қазан айларындағы Ғылыми Кеңес, Ректорат шешімдерінің орындалуы туралы Кеңес хатшысы А.Айашованың есебі назарға алынды.

### ***8-мәжіліс: кезекті***

1. 2019 жыл бойынша студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындысы туралы
2. ЖМ ОПҚ-ның біліктілігін жоғарылату мен шет елдік тағылымдамасы нәтижелілігі
3. «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнамасының нәтижесі туралы
4. Әр түрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша 2019 жыл бойынша студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептеліп, студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту бойынша жұмыстар тапсырылды. Екінші мәселе бойынша факультетте ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау және ПОҚ-нің біліктілігін арттыру туралы кафедра меңгерушілерінің есебі таңдалып, оқу үдерісіне біліктілікті арттыру бойынша енгізу жұмыстарын жүргізу керектігі айтылды. Әр түрлі мәселеде сауалнама нәтижесі бойынша 3,8%-ден төмен бағаланған оқытушылардың сабақтарына тексеру комиссиясы қатыссын деген шешім қабылданды.

### ***9-мәжіліс: кезекті***

1. Көктемгі семестрдің бірінші бақылау аптасының нәтижелері туралы
2. ЖМ-тегі білім беру бағдарламаларының әдістемелік қамтамасыз етілуін талдау туралы
3. Әр түрлі мәселелер

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша М.Дилдабекова «Жаратылыстану-педагогикалық» ЖМ-нің 2019-2020 оқу жылының көктемгі семестрінің бірінші бақылау аптасының нәтижелерінің қорытындыларымен тыныстырып өтті. Екінші мәселе бойынша ЖМ-тегі білім беру бағдарламаларының әдістемелік қамтамасыз етілуі талқыланды, ОПҚ-ның жоспар бойынша оқу әдістемелік құралдарын шығаруын кафедра меңгерушілеріне қадағалау тапсырылды. Әр түрлі мәселе бойынша онлайн оқыту бойынша мәселелер талқыланды.

### ***10-мәжіліс: кезекті***

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ЖМ-дегі тәрбие жұмысының жағдайы мен болашағы туралы
2. ЖМ-тегі ақылы негізде оқитын студенттердің келісімшарттық міндеттемелерінің орындалуы туралы
3. Әр түрлі мәселелер
4. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ЖМ-дегі тәрбие жұмысының жағдайы мен болашағының онлайн оқытудағы мәселесі қарастылылып, онлайн өткізіліп жатқан жұмыстарға талдау жасалырып, қанағаттанарлық деп бағаланды. Рухани жаңғыру бойынша мақалалар жариялау туралы қаулы қабылданды. Екінші мәселе бойынша ЖМ-тегі ақылы негізде оқитын студенттердің келісімшарттық міндеттемелерінің орындалуы туралы мәселені қарай келе, шетелдік студенттермен байланысу керектігі тапсырылды.

### ***11-мәжіліс: кезекті***

1. ЖМ инспекциялық комиссиясының жұмысы туралы
2. Студенттердің жазғы жұмыс маусымын (Жасыл ел, студенттік құрылыс отряды) ұйымдастыру туралы
3. Әр түрлі мәселелер

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша инспекциялық комиссиясының жұмысы талқыланды. 2019-2020 оқу жылында инспекциялық комиссия тарапынан жоғары мектеп бойынша 59 оқу сабағы тексерілді, олардың ішінде 23-дәріс сабағы, 5-семинар, 23-практикалық, 8-зертханалық сабақтар. КІБ комиссиясы тарапынан бойынша 133 оқу сабақтары тексерілген. Жалпылай айтқанда 2019-2020 оқу жылының тексеру нәтижелері кафедра оқытушыларының сабақтарына қойылған бағалар жоғары оқу орының талаптарына жауап беретінін көрсетті. ЖМ инспекциялық жұмысы қанағаттанарлық деп есептелді. Екінші мәселе елімізде орын алған карантинге байланысты қарастырылған жоқ. Әр түрлі мәселе бойынша МАК жұмысын онлайн түрде қабылдау мәселесі қозғалып, дайындық күшейтілуі туралы қаулы қабылданды.

### ***12-мәжіліс: кезекті***

1. Жазғы емтихан сессиясының қорытындысын талдау, ЖМ білім алушыларының білім сапасын жетілдіру жолдары
2. ЖМ-кафедраларының 2019-2020 оқу жылындағы жұмыстарының және МАК есебі туралы

3. 2020-2021 оқу жылына арналған модульдік білім беру бағдарламаларын, педагогикалық жүктеме, ОПҚ құрамын бекітуге ұсыну туралы

4. 2019-2020 оқу жылының көктемгі семестрі бойынша Ғылыми Кеңес, Ректорат шешімдерінің орындалуы туралы

5. Әр түрлі мәселелер

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ЖМ деканының оқу және оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары М.Дилдабекованың көктемгі емтихан сессиясының қорытындысы және жазғы семестрді ұйымдастыру туралы есебі тыңдалды. Екінші мәселе бойынша ЖМ кафедраларының 2019-2020 оқу жылындағы жұмысының және МАК төрағаларының есебі және олардың ұсынысын ескеру туралы қаулы қабылданды. Үшінші мәселе бойынша 2020-2021 оқу жылына арналған модульдік білім беру бағдарламалары мен академиялық күнтізбелігін бекітуге ұсынылды. Төртінші мәселе бойынша 2019-2020 оқу жылының көктемгі семестрі бойынша Ғылыми Кеңес, Ректорат шешімдерінің орындалуы туралы Кеңес хатшысы А.Айашованың есебі тыңдалып, қанағаттанарлық деп есептелді.

### 19. Факультеттің (кафедраның) жас мамандарды жұмыспен қамтуы

Осы жылы «Математика, физика, химия, кәсіптік оқыту, информатика, биология» мамандығы/ББ бойынша бітіргендер 215 адам (кесте 19.1).

#### 2019-2020 оқу жылында бітірген түлектер саны

Кесте 17.1

| № | Мамандық атауы                | Күндізгі бөлім |               |         | Сыртқы бөлім |               |         | жиынтығы |
|---|-------------------------------|----------------|---------------|---------|--------------|---------------|---------|----------|
|   |                               | грант          | ақылы негізде | барлығы | грант        | ақылы негізде | барлығы |          |
| 1 | 5B060400-5B011000-Физика      | 8              | 13            | 21      | -            | 2             | 2       | 23       |
| 2 | 5B012000-Кәсіптік оқыту       | 8              | 2             | 10      | -            | 12            | 12      | 22       |
| 3 | 5B060700-5B011300-Биология    | 11             | 72            | 83      | -            | 14            | 14      | 97       |
| 4 | 5B011100-5B060200 Информатика | 23             | 4             | 27      | -            | 14            | 14      | 41       |
| 5 | 5B01540-Химия                 | 5              | 10            | 15      | -            | -             | -       | 15       |
| 6 | 5B010900-5B060100Математика   | 21             | 33            | 54      | -            | 14            | 14      | 14       |

Ескерту: Ауыл квотасы бойынша бітірген студенттер физикада, кәсіптік оқытуда жоқ, биологияда 1, Информатикада жоқ, химияда 1, математикада 1. мекеме есебінен физикада жоқ, кәсіптік оқытуда жоқ, биологияда жоқ, информатикада химияда жоқ, математикада жоқ.

### 20. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім

Жоғары мектепте есеп берілген оқу жылында 3 мамандық бойынша (математика, информатика, кәсіптік оқыту) - 27 Ph.D. докторанттар және 9 мамандық бойынша - 197 магистранттар білім алды. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми ізденіс жұмыстарына ЖМ білікті ОПҚ жетекшілік жасап келеді. Олардың диссертациялары, ғылыми-зерттеу жұмыстары кафедра, Жоғары мектеп ғылыми кеңесінде талқыланып, қорытынды пікірлер жазылады. 2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша – 132 магистр академиялық дәрежесін алды.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

1. Оқу жылында жоғары мектептің материалдық-техникалық, оқу-өндірістік және шеберханалар базасы толықтырылды («Информатика», «Химия», «Физика», «Кәсіптік оқыту» каф.).
2. Жоғары мектептің ғылыми-педагогикалық құрамының ғылыми әлеуеті 51.9%, өткен оқу жылымен салыстырғанда 3,9%-ға көтерілді.
3. Оқу жұмыстарын ұйымдастыру және оқу жоспарларын орындау жоспарға сай жүргізілді және орындалды.
4. Жоғары мектептегі оқу-әдістемелік жұмыстар бекітілген жоспарға сәйкес орындалды.
5. Жоғары мектептің оқу-әдістемелік жұмысы бойынша: Жоспарланған 168 оқу-әдістемелік әдебиеттің 166-сы орындалды. «Математика» кафедрасының доценті, п.ғ.к Көшеров Э.Ж. қайтыс болуына байланысты бір оқу құралы, бір әдістемелік нұсқау дайындалған жоқ. Сонымен қатар, электронды оқу құралдары дайындалды. 4 жұмысқа авторлық куәлік алынды. ЖМ профессор-оқытушылары 33 ашық сабақтар өтті.
6. Студенттердің үлгерімі 84,43% көрсетті. Бұл өткен оқу жылғымен салыстырғанда 3,57 пайызға төмендеген. Оның негізгі себептерінің бірі 16 наурыздан бастап он-лайн оқуға көшуге байланысты Өзбекстандық студенттердің біраз бөлігінің сабақтарға қатыса алмауы болды.
7. 2019-2020 оқу жылында инспекциялық комиссия және КІБ комиссиясы тарапынан жоғары мектеп бойынша 192 оқу сабағы тексерілді, олардың ішінде 69-дәріс сабағы, 18-семинар, 72-практикалық, 33-зертханалық сабақтар. Тексеру нәтижелері кафедра оқытушыларының сабақтарына қойылған бағалар жоғары оқу орының талаптарына жауап беретінін көрсетті.
8. Студенттер өз бетінше оқуға берілген, оқу әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілді, пән бойынша семестр басында тест тапсырмалары, бақылау жұмыстары, коллоквиум тапсырмалары, реферат тақырыптары, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын тақырыптардың нақты тізбесі жасалалды;
9. Жоғарғы мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыстардың негізгі бағыттары бойынша, кафедраларда оқу жылының басында әдістемелік семинардың жоспары түзіліп, семинарда орта мектепте және жоғары оқу орындарында сабақты өткізудің өзекті мәселелері талқыланды.
10. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді. Осы оқу жылында Жоғарғы мектеп бойынша жалпы **348** мақала жарияланды. Олардың ішінде: **153** – ҚР халықаралық конференцияларының ғылыми мақалалары, **23** – импакт-факторлы ғылыми мақалалар және **3**-РИНЦ журналдарында, **41** – ҚР білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен журналдардағы, **28** – халықаралық конференциялардағы (алыс және жақын шетелдердегі), **81** – республикалық, аймақтық және басқа да конференциялардағы, **19** – басқа журналдардағы мақалалар.Баспадан шығарылған монографиялар – 2. ЖМ құрамында 6D010900-Математика, 6D012000-Кәсіптік оқыту мамандықтары бойынша диссертациялық кеңестер жұмыс жасап, 5 докторант қорғады.
11. ЖМ студенттерінің кәсіби іс-тәжірибесін ұйымдастыру бойынша 67 іс-тәжірибе базасымен келісім-шарттар жасалған. Химия-Биология бағытындағы НЗМ-нің базасында 2,3,4 курс студенттеріне оқу жылы бойы жүргізіліп отыратын үздіксіз іс-тәжірибе ұйымдастырылған.Студенттердің іс-тәжірибелерінің барлық түрлері келісім-шарт бойынша белгіленген білім мекемелерінде жоспарға және кестеге сәйкес өткізілді. 4 курс студенттерінің диплом алды іс-тәжірибесі орын алған жағдайға байланысты on-line формада өткізілді.
12. 2019 жылы Информатика кафедрасының аға оқытушысы п.ғ.к.Аширбаева Ж.Н. «ЖОО үздік оқытушысы» атағының иегері атанды.
13. 2019-2020 оқу жылында 100 академиялық топта 1268 студентке Тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес ұйымдастырылып өткізілді. 10 бағыт бойынша 99 іс-шара өткізілді. Тәрбие бойынша өткізілген іс-шаралар мен басқада жетістіктер бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жарияланып отырды.
14. Кәсіпке бағдарлау жұмыстары бойынша Шымкент қаласындағы және Түркістан облысы, Қазығұрт ауданындағы мектептері мен колледждерінде жүйелі түрде жүргізілді.
15. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша Кафедралар мен ЖМ-те жоспар құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілді. Ұлы Абайдың 175 жылдығына, әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған іс-шаралар өткізілді. «Рухани жаңғыру»- «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша: Білім беру



бағдарламаларының, бакалавриат және магистратураның ББ пәндердің оқу-әдістемелік қамтылу картасына, оқу жұмыс жоспарларына (силлабустар), дәрістер жинағына, семинар және практикалық сабақтардың әдістемелік нұсқауларына, БӨЖ ұйымдастыру және орындау бойынша әдістемелік нұсқауларына негізгі әдебиеттер тізіміне ендірілген.

16. Жоғары мектеп Академиялық Кеңесінің жұмысы Кеңестің бекіткен жоспары бойынша оқу жылы бойы өткізіліп отырды.
17. МАК жұмысы жоспарға сәйкес белгіленген кесте бойынша өткізілді.
18. Жоғары мектеп оқытушылары кафедралардың белгіленген кестесі бойынша ОҚМУ-де, ҚР БжҒМ тестілеу орталығында және «Өрлеу» АҚ-да біліктілігін жоғарылатты.
19. ЖМ бойынша 215 түлек бітірді. Педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру гранты негізінде білім алған түлектерді үш жыл өз мамандығы бойынша жұмыс істеу міндеттелуіне байланысты 55 студенттің 44-і жолдамамен жіберілді, ал 11 студент еркін жұмысқа орналасты. Ауылдық квота шебінде оқуға түскен 17 түлек ауылдық жерлерге жұмысқа бөлінді.

### **ҰСЫНЫСТАР**

1. Мына төмендегі Білім беру бағдарламаларын ашу бойынша құжаттар даярланып, реестрге енгізілді:

- 6B06111 – Компьютерлік ғылымдар және программалық инженерия
- 6B01532 – Информатика және робототехника
- 6B01451-Көркем еңбек және сызу

2. Физика педагогтарын дайындау ББ тобы бойынша PhD-докторантура ашу.

3. Биология педагогтарын дайындау ББ тобы бойынша магистратура ашу.

4. 2020-2021 оқу жылында 5B012000-Кәсіптік оқыту мамандығының студенттерін дуальді оқыту базаларының санын арттыру.

5. 5B012000-Кәсіптік оқыту мамандығының базасында 3-курс студенттеріне Конструктор-модельер, Тігінші, Автослесарь «Жұмысшы кәсібін» беру.

6. Ағылшын тілінде білім беретін оқытушылардың санын және оқу-әдістемелік әдебиеттер санын арттыру.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының классификаторын (2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы) негізге ала отырып, оқу процесін басқаруды жетілдіру мақсатында, «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» жоғары мектебінің құрылымында төмендегідей өзгерістер жасауды ұсынамыз:

1. Классификатор бойынша 6B05-«Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» білім беру саласына тиісті болуына орай:

- "Химиялық инженерия және биотехнология" ЖМ құрамындағы 6B05220-Химия (ғылыми), 7M05320-Химия ББ бағдарламаларын "Химия" кафедрасына беру;
- "Экология" кафедрасын "Химиялық инженерия және биотехнология" ЖМ құрамынан шығарып, ЖҒП ЖМ құрамына беру.

2. «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасынан 6B01560-«География», 6B05220-«География», 7M01560-«География», 7M01561-«География», 7M05220-«География», 7M05222-«География» ББ бағдарламаларын «Биология» кафедрасына беру және «Биология және география» кафедрасы етіп қайта құру.

3. Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетін көтеру мақсатында «Жоғары математика және физика (техникалық мамандықтар үшін)» кафедрасын тарату және "Математика" циклінің пәндерін ЖҒП ЖМ "Математика" кафедрасының құрамына, ал "Физика" циклінің пәндерін ЖҒП ЖМ "Физика" кафедрасының құрамына беру.

4. Классификаторға сәйкес (Шығармашылық мамандық) «Кәсіптік оқыту» кафедрасын «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» ЖМ құрамынан шығарып, «Мәдениет және спорт» факультетіне беру.

Жоғары мектеп материалдық-техникалық базасын нығайту және оқу процесін тиімді ұйымдастыру мақсатында (Физика, химия БББ студенттеріне ИРЛИП, САПА зертханаларында, биология БББ студенттеріне Биотехнология зертханалары мен жылыжайда дәрістер өтіледі). «Математика» мен «Физика» кафедралары барлық техникалық мамандықтар үшін қызмет

көрсетіндігін ескере отырып «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» жоғары мектебін университеттің А,Б,В ғимараттарына көшіруді қарастыру.